

Білім беру менеджерлерін даярлаудағы басқарушылық идеялар

әл -Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Есенова К.А. 3 курс докторанты

Еліміздің экономикасына енгізілген нарықтық қатынас жалпы білім берудің тәсілдерін және менеджерлерді оқыту әдісіне біршама өзгертулер әкелді. Қазіргі уақытта оқу жоспары жаңа әлеуметтік-экономикалық ортада жұмыс істей алатын жоғары білікті менеджерді қалыптастыратын жаңа пәндерді қамтиды. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, мұндай даярлаудағы маңызды орынды ғылым мен басқару өнерінен бастау алады. Басқару ұғымына ғылыми тұрғыда мынадай анықтама беріледі: «Басқару - әр алуан ортаның (әлеуметтік, биологиялық, техникалық) белгілі бір құрылымын сақтап, әрекет ету режимін қолдау, олардың мақсат-мұраттарын жүзеге асыруды қамтамасыз ету үшін ұйымдастырылған жүйенің қызметі. Басқару – қызмет аясына қарай әлеуметтік, саяси, экономикалық, білім беру, экологиялық, рухани, мәдени, әкімшілік, табиғи, т.б. болып бөлінуі мүмкін. Келтірілген ғылыми анықтамада басқару бүгінгі күннің талабына сәйкес сипатталған. Дегенмен, басқару – сан алуан ғасырларды басынан өткізген күрделі үрдіс.

Басқару саласындағы мамандардың жалпы білім беру және дүниетанымдық дайындығының маңызды бөлігі басқару теориясының тарихын зерттеу болуы тиіс. Әр түрлі елдер мен халықтардағы басқарудың кешенді теориялық және тарихи тәжірибесін алғашқы қоғамдық кезеңнен бастап, қазіргі заманғы менеджментке дейінгі зерттеу қажет, өйткені бұл басқару тәжірибесінің даму диалектикасын жақсы түсінуге және болжауға мүмкіндік береді. Басқарушылық идея тарихын осы тұрғыдан зерттеуді стратегиялық ойлауға үйрету, айналада болып жатқан өзгерістерге сырттай бақылау қабілетін қалыптастыру ретінде қарастыруға болады.

Басқару теориясы мен практикасының дамуы мен генезис үдерісін талдау кезінде қандай жағдайлардың әсерінен басқару үдерістеріне қатысты көзқарастар өзгертінін, негізгі басқарушылық санаттарының түсіндірмесінің қалай дамитындығын экономикалық және басқарушылық зерттеу әдістерінің қалай жетілдірілетінін анықтауға тырыстық.

Басқарудың тарихи даму үрдістері туралы айта отырып, бірнеше факторлары бар екендігін болжаймыз:

-өндірістің, қоғамның және адам дамуының түрлі факторларының әсерінен басқарудың өзінде орын алатын объективті өзгерістер;

- басқарушылық ойдың дамуы;

- келешек қажеттіліктері.

Ғасырлар бойы қоғамның даму барысында адамзат бірнеше тарихи-әлеуметтік кезеңді өткізді. Сол сияқты басқару үрдісі эволюциясының да тамыры тереңде жатыр.

Қазіргі таңдағы білім беру жүйесін модернизациялау жағдайында біздің еліміздің алдында басқарушы кадрларды даярлау мәселесі айтарлықтай өзекті болып отыр. Басқарушыларды даярлаудағы көптеген онжылдықтар бойы болашақ басқарушының ең алдымен өндірістегі білім беру жүйесі өзінің негізін толыққанды білетіндігі басымдылық танытып келді. Бұл ретте болашақ басшы бірінші ретте өзінің алдына жұмыс жасауға қойылатын өндіріс саласын меңгере отырып, қосымша экономика, психология және тағы да басқа білім саласын ала жүреді. Қазіргі уақытта жағдай біршама өзгерді, яғни, өндіріс саласына қарамастан өз қызметін жүзеге асырып отырған басқарушының құзыреттіліктердің қажетті жиынтығын меңгеру идеясы алға жылжуда. Төменгі, орта және жоғарғы буындағы басшы түсінігі менеджер түсінігімен ауыстырылады.

«Менеджмент» сөзінің түсіндірмесі өте көп қырлы және бұл анықталған, себебі біз ұйым дамуының кез келген сатысында басқарудың әртүрлі түрлерімен жұмыс жасаймыз.

Басқаруды жалпы сипатта ғылым мен өнерде ұтысы, жұмысты, адамдардың жүріс-тұрысының және ақыл-ойының мотивтерін қолдана отырып, қойылған мақсаттарға қол жеткізу ретінде ұсынуға болады. Мұнда, адамдарға ұйымдастырылмаған элементтерді тиімді және өнімді күшке айналдыру мақсатында адамдарға мақсатқа бағытталған әсер ету жайлы айтылып отыр [1].

Басқаша айтқанда, басқару – ұйымның стратегиялық және тактикалық мақсаттарына қол жеткізу ресурстары үшін көшбасшылардың қолданатын адам мүмкіндіктері.

Біз, «басқару» және «менеджмент» терминдерін синоним ретінде қарастырамыз, дегенмен, классикалық түрде «басқару» термині «менеджмент» терминінен кеңірек, себебі ол адам қызметінің әртүрлі түлеріне қатысты қолданылады.

Менеджмент - тек қана ғылым емес, сондай-ақ басқару өнері болып табылады. Басқарушылық ғылым басқарудың әр нақты актісі бойынша нақты нұсқауларға қарағанда, жалпы нұсқауларды береді. Шынайы басқару, әсіресе, ғылымға қарағанда, әлдеқайда жедел, өнімді. Менеджерге тек білім ғана емес, сонымен қатар басқаратын адамдарды интуитивті түрде түсіне білу қажет [2].

Өмір, ғылыми негізделмеген кез келген басқарушылық шешімдердің еш уақытта оң нәтиже бермейтінін дәлелдейді. Академик А.К. Кусаинов білім беруді басқару жүйесінің тиімділігі білім беру жүйесін басқарудағы сабақтастықты қамтамасыз етуге, оның ішінде жеке мектептің жетекшілігінен бастап уәкілетті органның басшылығына байланысты екенін атап өтті [3].

З.А. Исаева білім беру мекемелерін басқару туралы «бұл тек тәжірибе ғана емес, бұл – ғылыми білімді меңгеруге қажетті сала және ерекше талант пен көшбасшылық қасиеттерді талап ететін өнер» деген. Қазіргі білім беру мекемесінің басшысы – бұл тек қызмет қана емес, сонымен қатар бұл қызмет барлық мамандықтың белгілері бар жетекші сабақ болып табылады, арнайы

тұлғалық және кәсіби қасиеттерді талап етеді. Осыған байланысты кез келген деңгейдегі білім беру жүйесін басқару – жаһандық деңгейден ұйымшылдыққа дейін мамандандырылған кәсіби дайындықты талап ететін қызметке айналады [4].

З.А. Исаеваның зерттеулеріне сүйене отырып, отандық педагогикада білім беру менеджерлерін даярлау жүйесінде келесі ғылыми тәсілдер көрсетеді. Жүйелік - тұрақты бірлік пен тұтастықты құрайтын, интегралдық қасиеттер мен заңдылықтарға ие өзара байланысты элементтердің (компоненттердің) жиынтығы

Құрылымдық - құрамы мен қарым-қатынасы дайындық мақсаттарымен сырттай детерминацияланатын көптеген өзара байланысты элементтер. Бұл ретте жүйенің функциялары оның элементтерінің функцияларының жиынтығы ретінде ұсынылады. Алайда мұндай тәсілде жүйенің генетикалық бастапқы түсінігі болып табылатын тұтастық принципі бұзылады. Жеке элементтердің қасиеттері әдетте бір-бірінен оқшауланған (элементтерді жүйеге біріктіру тәсілін есепке алмағанда) түрде қарастырылады.

Функционалдық- жүйенің элементтерін даярлаудың түпкі мақсаттарына қол жеткізу олардың ықпал ету дәрежесі бойынша бөлуге бағдарланады және білім беру менеджерлерін даярлау жүйесін, ең алдымен, оның ішінде немесе одан тыс объектілерімен белгілі бір қатынастарда болу қабілеті тұрғысынан сипаттайды. Жүйенің жалпы функцияларын және оған кіретін элементтердің функцияларын көрсетеді.

Құрылымдық-функционалдық - жоғары оқу орнын басқару бойынша білім беру менеджерлері қызметінің тиімділігін анықтайтын және оларды дайындау нәтижелерін бағалаудың басты критерийі болып табылатын сипаттамаларды бөлуге және формалдандыруға бағытталған. Бұл ретте процесс екі тараптан сипатталады: құрылымдық – қызметтің мақсаттары мен шарттарын ескере отырып шешілетін басқарушылық міндеттердің сипаттамасы; функционалдық – құзыреттілікке қойылатын талаптарға негізделген білім беру менеджерлерін осы міндеттерді шешуге дайындау процесінің сипаттамалары (кәсіптік қызметті игеру процесін сипаттайтын параметрлер, көрсеткіштер, өлшемдер, оларды анықтау әдістемесі).

З.А. Исаева қараған тәсілдер білім беру менеджерлерін даярлаудың педагогикалық жүйесінің құрылымдық-функционалдық моделін құрудың негізгі логикасын анықтайды.

Қазақстандық ғалымдар қазіргі заманғы мектептің жұмыс істеу тиімділігі мектеп қызметінің түпкі нәтижелеріне қол жеткізу үшін барлық ресурстарды жұмылдыратын және оқу-тәрбие процесін басқаруды ұйымдастырудың адам орталықтандырылған тәсілін іске асыратын мектепшілік басқарудың тұжырымдамалық негізі ретінде менеджментті пайдалануға негізделген [5]

Мектеп басшысына күрделі басқару біліктерінің үлкен ғылыми қоры қажет: мақсаттар қою, оларды міндеттер түрінде нақтылау, бүкіл мектептің жұмысын жобалау және жоспарлау, педагогикалық процесті ұйымдастыру,

диагностикалау, талдау, білім беру процесінің мониторингін жүзеге асыру және мониторинг мәліметтері негізінде басқарушылық шешімдер қабылдау.

Білім беру менеджерлерін даярлауға ықпал ететін жаңа ғылыми идеялар үнемі дамыды және дамиды. Басқару тәжірибесі ғалымдардың алдына басқару ғылымының одан әрі дамуын ынталандыратын әртүрлі жаңа міндеттер қояды.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Основы менеджмента: учеб. пособие/ Н.И. Кабушкин.-5-е изд. Стереотип.- Мн.: Новое знание, 2002.-336 с.
2. Орлов А.И. Менеджмент: Учебник. – М.: "Изумруд", 2003.- 256 с.
3. Кусаинов А.К. Качество образования в мире и в Казахстане/ - Алматы, 2013. – 196 с.
4. З.А. Исаева. Подготовка менеджеров образования в высшей школе: Монография. – Алматы: Қазақ университеті, 2005.-135 с.
5. Т.М. Баймолдаев Жалпы білім беретін мектепті басқару тұжырымдамасы // Білім берудегі менеджмент 2009. - № 1